

ЖШС «Ескендир 07», «Ескендір» бөбекжайы

«Адал азамат» біртұтас тәрбие

Тақырыбы: «Менің балабақшам»



MADE WITH
**Scanner
App**



«Адал азамат – Біртұтас тәрбие»

Тақырыбы: «Менің балабақшам»

Білім беру саласы: Әлеуметтік-эмоционалдық тәрбие

Жас тобы: Ересек топ

Мақсаты:

Балалардың балабақша туралы түсініктерін кеңейту, балабақшаға деген сүйіспеншілігін арттыру, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.

Міндеттері:

Білімділік: Балабақша қызметкерлерінің еңбегімен таныстыру.

Дамытушылық: Балалардың байланыстырып сөйлеу тілін дамыту.

Тәрбиелік: Балабақша мүлкін күтіп ұстауға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер:

Балабақша суреттері, топ бөлмесінің фотосуреттері, ойыншықтар, смайликтер.

Әдіс-тәсілдер:

Әңгімелесу, сұрақ-жауап, ойын, мадақтау.

Шаттық шеңбері

Балалар шеңберге тұрады.

Тәрбиеші:

Қайырлы таң, көк аспан!

Қайырлы таң, жер ана!

Қайырлы таң, достарым!

Қайырлы таң, ұстазым!

Балалар бір-біріне күлімдеп қарап, жақсы тілектер айтады.

Тәрбиеші:

— Балалар, сендер күн сайын қайда келесіңдер?

Балалардың жауабы:

— Балабақшаға.

— Балабақшада нелер бар?

Балалардың жауаптары тыңдалады.

Тәрбиеші қорытындылайды:

— Балабақша – сендердің екінші үйлерің. Мұнда сендер ойнайсыңдар, білім аласыңдар, достар табасыңдар.



MADE WITH
**Scanner
App**



Әңгіме

«Менің балабақшам»

Балабақша – балалар тәрбиеленетін, білім алатын, ойнайтын орын. Мұнда тәрбиешілер, тәрбиеші көмекшілері, аспазшылар, дәрігерлер еңбек етеді. Барлығы балалардың жақсы өсіп-жетілуі үшін жұмыс жасайды.

Сұрақтар:

- Балабақшада кімдер жұмыс істейді?
- Сендер балабақшаға келгенді ұнатасыңдар ма?
- Топта кімдермен доссыңдар?

Дидактикалық ойын

«Кім қайда жұмыс істейді?»

Тәрбиеші мамандықтардың суреттерін көрсетеді.

Мысалы:

- Аспазшы
- Дәрігер
- Тәрбиеші
- Күзетші

Балалар олардың қызметін айтады.

Сергіту сәті

Орнымыздан тұрайық,
Қолымызды созайық.
Оңға, солға бұрылып,
Бойымызды жазайық.

Ойын

«Досымды таныстыр»

Балалар өз достары туралы айтып береді.

Үлгі:

«Менің досымның аты – Айару. Ол мейірімді, жақсы ойнайды.»

«Менің балабақшам» сурет салу

Балалар балабақшаның немесе өз тобының суретін салады.

Тәрбиеші жұмыстарын мадақтайды.

Сұрақ-жауап:



- Бүгін не туралы әңгімелестік?
- Балабақша не үшін керек?
- Балабақшада өзімізді қалай ұстауымыз керек?

Балалардың жауаптары тыңдалады.

Рефлексия

«Көңіл күй ағашы»

☐ – Оқу іс – әрекет өте ұнады.

☐ – Ұнады.

⊗ – Қиын болды.

Балалар өз таңдауларын түсіндіреді.

Күтілетін нәтиже

Біледі: Балабақшаның маңызын, қызметкерлердің еңбегін.

Түсінеді: Балабақшаның екінші үй екенін.

Қолданады: Достарымен сыйластықта болып, балабақша ережелерін сақтайды.